

ӘОЖ 82-91

ҒТАХР 16.01.07

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.017>

АТТИЛА ЗАМАНЫНДАҒЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР, АҢЫЗДАР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

* Нұрғалиева Ү.Н.¹, Дәрібаев С.Д.²

*^{1,2} әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада түркі халқының ата-тегі саналатын ғұн тайпасының ұлы көсемі Аттила өмір сүрген тұста кездескен қазақ дүниетанымына күні бүгінге дейін сақталып келген салт-дәстүрлер, жоралғылар, ойындар, сенім мен ауыз әдебиеті жан-жақты қарастырылады. Сондай-ақ, көне рим әдебиетімен қоса, қазақтың әдеби мұраларын тарихи-генетикалық әдебиеттану ғылымы мен ауыз әдебиеті негізінде байланыстырылады.

Мақаланың мақсаты мен бағыты – қазақ халқының кейбір сөздер, сөз тіркестер мен салт-дәстүрлердің шығу тарихын зерттеу арқылы негізімізді табу, тану. Гендік тұрғыда қанымызға сіңген болмыс пен әдет ғұрыптардың мәні ашылады. Қазақ мәдениеті тек 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін пайда болды деген Кеңестік стереотиптерді жоққа шығарып, құлдық санадан арылып, болашақты қалыптастыру – болашақ ұрпаққа жасалған инвестиция. Себебі өткенді түсінбей, түйін шығармай алға қарай даму болмақ емес. Біздің әдеби мұрамыз жаңа көзқарастағы зерттелуді қажет етеді.

Отаршылдық езгі, автолитарлы саясат қазақ болмысы мен шынайы бейнесінің эволюциясын тежеп, рухани дағдарысқа алып келді. Осының салдарынан, бағзы заманнан келе жатқан этногенетикалық тектілігінен, мәдениетінен айырылып қала жаздады. Сондықтан бұл зерттеудің басты идеясы - ұлы дала өркениеті мен әдебиетінің бастау көзі ежелгі сақ, ғұн кезеңінен пайда болып, қазіргі заманға дейін салтымызға айналып кеткен құндылықтарды фольклор мен археологиялық ескерткіштерге, жыр-аңыздарға, сөз тіркестерін талдау арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізе білу. Әдебиет – халықтың болмысын сақтап тұрушы негізгі компоненттердің бірі. Басты назар Ғұн мен қазақтың әдеби дәстүрлерінің тоғысуына, сондай-ақ Аттиланың Қазақ ұлттық санасында түркі халқының атасы ретіндегі рөліне аударылады. Зерттеудің нәтижесі С.Өтениязовтың «Аттила және оның әлем әдебиетіндегі орны» монографиясы, Ө.Қалбайұлының «Алаңқай батыр» поэмасы, Ә. Марғұлан зерттеген әдеби мұралар мен экспедициядан табылған дүниелер арқылы тұжырымдама жасалынады. Сондай-ақ, қазақ даласында тараған Аттила туралы деректер мен жыраулар айтып кеткен

ой-толғаулардың мағынасы айқындалады. Зерттеу салыстырмалы, мәдени-тарихи, жинақтау, қазақ әдебиетіндегі ежелгі жыр-аңыздарға шолу арқылы жүргізілді.

Зерттеудің жұмысында жүргізілген практикалық талдау – қазақ және түркі елдері әдебиеті мен мәдениеті, фольклорына, тарихына қатысты ғылым салаларына керекті дереккөз болып табылады.

Зерттеу жұмысының қорытындысы, яғни қазақ халқының әдебиеті мен тарихына терең бойлау, бір ғасырға жуық жаншылып, жұтылып келген мәдениетіміз бен салт-дәстүріміздің шығу тегін ақтару, оны қазіргі қазақ дүниетанымымен байланыстыру, ғұн дәуірінен келе жатқан сөздер мен сөз тіркестерді, ғұрыштарды іріктеп алу, талдау, мазмұндық ерекшеліктерін ашу – оның ғылыми және практикалық маңызын нақтылады.

Тірек сөздер: Аттила заманы, төл әдебиет, қазақ мәдениетінің деградациясы, салт-дәстүр, асық ойыны, Көк бөрі, Аттила дастаны, отқа табыну, бесікке бөлеу, Түркі мәдениетімен тоғысу, отаршылдық езгі, қазақ болмысы

Кіріспе

Қазақ даласы біздің заманымызға дейін көптеген саяси, мәдени, әлеуметтік байланыстардың бір арнаға тоғысқан жері болған. Алайда қазақ қоғамы көшпелі болғандықтан, мәдениеті мен әдебиетінде жазба мұралардан қарағанда ауызекі, халықтың аузында, құлағында қалған деректер болуына байланысты ата-бабамыздың әлем деңгейінде қосқан үлесі аса дәріптелмей отыр. Онымен қоса, жетпіс жылдың көлемінде Кеңес үкіметі қазақ мәдениетін, арғы тегін, тектілігін түбімен жоюға атсалысты: қолдан ашаршылық жасады, зиялы қауымын репрессияға ұшыратып, халықты үркітіп, аузын аштыртпай қойды. Төл әдебиетімізге келгенде, «Қазақ әдебиеті тек Кеңес дәуірінің қазақ даласына келуінің арқасында қалыптасты» деген жаңсақ идеология жүргізе бастады. Біз тек тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ғана жаңа көзқараста ойлана алатын дәрежеге жеттік.

«Заратуштра ілімі де Сырдария мен Өмудария аралығында пайда болған. Оны ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор А. Қыраубаеваның айтуынша «кәрі түйесі бар адам» деп аударалатын Заратуштра жарық дүниеге күліп келген әлемдегі жалғыз бала» [1, 7 б.]. Біздің күнге, отқа табынушылықтан қалған сенімдеріміз де сонау антикалық заманнан бастау алатыны белгілі.

Қазақтың фольклорлық саласында сақталған ежелден келе жатқан әдеби мұраларды антикалық дәуірмен сабақтастыра зерттеудің мәні зор. Себебі, осы уақытқа дейін қазақтарды басқа ұлт өкілдері үстемдік құрып, қаралап, ешқандай өркениеті, мәдениеті жоқ, тек ат үстінде ғана

малмен күн кешкен «варварлар» деген күйе жағылып келді. Өлі де бізді мұқатқысы келетіндер жетерлік. Мысалы, академик В.В. Бартольд: «Қазақ – қарақшы, бүлікшіл, ұрыншақ деген мағынаны білдіретін түрік сөзі», - деді [2]. Алайда, біз осындай қорлыққа төзуге мәжбүр болдық, қазіргі тілмен айтқанда «үлкен эмоционалды және интеллектуалды дағдарысты басымыздан өткіздік», артық тісімізді батыра жауап қайтара алмадық. Қазіргі қазақ заманының басты талабы қазақ ұлтының тарихы тереңде екенін дәріптеп, келесі ұрпақтың санасына сіңіру. Бағзы ата-бабамыздың әлемдік деңгейдегі мәдениетке өз үлестерін қосып, артынан алтын із қалдырып кеткен. Оны қанша жуып-шайып, қара күйе жаққысы келсе де, тарих ешқашан алдамайды. Осы тұрғыда профессор А. Қыраубаева қазақ халқы көптеген ұрпақтар бойы адамзат өркениетінің дамуына елеулі үлес қосқан түрлі этникалық топтар қоныстанған кең аумақ екенін, сондай-ақ қазақ әдебиеті халықтың бай тарихы мен терең мәдениетінің нәтижесі екенін атап өтті [1, 8 б.]. Осы сөздерінен ғалымның кешегі тоталитарлық саясаттың ызғарынан еркіндік алған, өткен заманға біздің дәуірімізге дейінгі арғы заман тарихына ешкімнен қорықпай, жалтақтамай бой алған шыншыл көзқарасты байқаймыз.

Әдебиет те тірі ағза секілді, уақыт өткен сайын даму үстінде, өзгереді, ерекшеленеді, талданады, қысқартылады. Қазақ әдебиетін сонау сақ, ғұн тайпаларымен қоса салыстырып зерттеу, оның ішінде ауыз әдебиетін қарастыру, ой елегінен өткізіп тұжырымдау тезірек іске асатын үлкен мәселе. Себебі, өз түп-тамырымызды тереңінен зерттемей жайқалып өсе алмаймыз. Қазақ әдебиетінің классигі, кемеңгер жазушы С.Мұқанов: *«Енеден туа өнерленіп кеткен ешбір ел жоқ. Мәдениетті елдердің бәрі де бірте-бірте өнерленген. Ендеше, қазақ та алдағы аз жылда мәдениетті болуына сөз жоқ. Бірақ ол күнді күтіп отырмай, қазақ әдебиетін тексерудің негізін қазір сала беру керек»* [3, 158 б.] - деп әдебиеттің түбін зерттеуді кешіктірмей ертерек бастауды ұсынады. Алайда, ол сүрген заман сұрапыл кеңес саясатының ықпалында болды. Сол себептен көптеген маңызды мәселелерді ашық көтере алмады, бірден қудалауға кетті немесе өлім жазасына кесілді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Қазақ әдебиетінде ауызекі сипатта сақталып келген салт-дәстүрлер кеңінен зерттеліп келе жатыр. Бұл циклда біз ұлтымыздың әдет-ғұрпы, болмысы, тұрмыс-тіршілігін тани аламыз. Қазір «психология заманы» болғандықтан, психологтардың өзі «қазіргі қоғамның ішкі жағдайы, эмоционалдық ересектігі тікелей ата-бабамыз бойынан өткерген ауыртпашылықтар, ішкі тірегінің болмауы, қорқыныштары кейінгі жеті ұрпағына дейін ген, қан арқылы беріліп отырады» деп тұжырым жасайды.

Салт-дәстүрлер, құндылықтарымыздың шығу тегін, тарихын айқындап, дәріптеу арқылы біз өз бойымыздағы шынайы болмыстың кілтін аша аламыз, ұлт санасына енгізу арқылы біз көкжиегімізді кеңейтіп, құлдық санадан арыла аламыз.

Зерттеуде *мәдени-тарихи әдіс* арқылы кейбір салтымызға айналып кеткен дүниелердің ғұн дәуірінің мәдени-тарихи жағдайымен байланысты болғаны байқалады. Хундардың құда түсу салты да қазақ пен қырғыздарда жақсы сақталғанын айта келіп Әлекең жазуы бойынша, бұл әдет-ғұрыптарда ата-аналар қалыңдыққа мал беріп, дәстүрлерін сақтаған. Ол есейген кезде әкесі күйеуіне қонаққа баруға рұқсат берді. Содан кейін, ол үйленгенде, оған сәулетті жасау беру ата-ананың құрметіне айналды. Бұл отқа табынудың бір түрі ретінде келін түскен кезде, беташар айтылып болған соң, келін алдымен атасының үйіне кіріп, отқа май құюын атап көрсетуге болады [4, 65 б.]. Әсіресе, қазақ салтында бұл кең етек жайған. Келін алғаш үйіне кіргенде отқа май құйып, сол отқа қолын апарып бетін сипалап өзінің қорғай жүруін сұрайды. Негізі бұның түп төркінін көбі біле бермей, автоматты түрде жасай береді. Алайда, ғұн дәуірінен бізге сіңіп кеткені соншалық, Күнге, отқа табыну үрдісі болмаса да, өздерінше жақсы ырымға балайды. Бертін келе, елімізде ислам дінін негізге ала отырып, дұрыс емес салт, Құдайға серік қосу деген аргументтермен шыққан кейбір белсенділер болғанымен, дәстүрді ешкім жоққа шығара алмайды. Оның өз алдына киесі болады.

Тарихи-теориялық әдіс арқылы нысанаға алынған мәселеге теория тұрғыдан келіп, санамызда жаңғырып тұратын жөн-жоралғы, асыл қазыналарымыздың тарихи санада көрініс табуы қарастырылды. Ғұндардың біздің тікелей ата-бабамыз екеніне бірнеше аспектілер мен факторлар дәлел бола алады. Соның бірі бесікке бөлеу. Ешбір түркі халқында осы дәстүр сақталмаған. Бесік көшпелі өмірде керек нәрсе болған. Атқа мінгенде баланы бесікпен ұстап отыру ыңғайлы болды. Бесік өз алдына баланың жатын бөлмесі іспетті. Басы иілген, төрт аяғы, астында төсегі, төсеніші бар, үстіне жапқышын жапқанмен, бала тұншықпайды. Археологиялық ескерткіштерден ғұндарға тиесілі бесік табылған. Ол біздің пайдаланып жүрген қазақтың бесігі. Біздің танымда бесікте жатқан бала әлеммен байланыс жасап жатады деген түсінік бар, бесік баланы жамандықтан қорғайды деген сенім сол ғұн кезеңінен бастау алады. Сонымен қатар ғұн молаларынан қойдың асық жілігінен жасалған шүмек табылған.

Сұрыптау әдісі арқылы бірнеше зерттелген деректерді бір арнаға тоғыстырып, әлі күнге дейін біздің жадымызда қалған дүниелерді қайта жаңғыртуға көмектесетін жайттарды қарастырдық. Ежелгі ғұндар мәдениетіне тән аса бағалы жәдігерлердің мекені – ежелгі Өртүкен қойнауы немесе қазіргі моңғол үстірті. Жақында Моңғолияның Арықанғай аймағында орналасқан «Гол мод» қорған-обасына жүргізілген

археологиялық қазба жұмыстары кезінде ең назар аударарлық жағдай қорғаннан табылған таңбалы асықтар. Археологиялық жұмыс тобының жетекшісі Ұлан-батыр университетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының докторы Д. Эрдэнэбаатрдың жазуына қарағанда, ежелгі ғұндарға тән «Гол-мод» кешен қорғаны ірілі-ұсақты 30-шақты обадан тұрады. Осындағы бірінші обаны қазған кезде, онымен желілес үш обашықтан бала жерленген оба анықталған екен. Дәл осы бала мүрдесінің жанынан 200-ге тарта ұсақ малдың бүтін асығы табылыпты. Осылайша, қазіргі күнге дейін қолданыста жүрген асық ойынан ғұндардан қалған мұра екені дәлелденіп отыр [5, 280 б.]. Қазақ балалары арасында танымал ойындардың бірі болған – асық ойыны. Қазіргі таңда қолданылуы сирей бастаса да біздің мәдениетімізде алатын орны ерекше. Осыдан бөлек ежелгі Хан патшалығы (б.з.д.206-220 жж.) «Ху елі сүйек атып ойнайды» деген дерек барын білеміз.

Нәтижелер мен талқылау

Ежелгі аңыздар мен жыр-дастандарды, этимологияны қарастыратын зерттеулер біздің біраз қолданып жүрген сөз тіркестер, сөздер де ғұн заманынан шыққанын дәлелдейді. Мысалы, қазақтарда «Бетің тілінсін» деп қарғау, «бетім-ай» деп күрсіну немесе шошыну, «беті тілсе қан шықпайды» деп жеку сөздері әлі күнге дейін белсенді пайдаланылады. Осы тұрғыда Аттилатанушы, ғұндардың өмір салтын жан-жақты зерттеген белгілі зерттеуші С.Өтениязов айтуынша, Хун ордасы қатаң тәртіпке бағынған және қылмыс жасаған адам өмір бойы тыртық болып қалған бетіне кесу түрінде жаза алды. Бұл қылмысты еске түсірді және қайта қылмыс жасау мүмкін болмады, өйткені келесі жаза өлім болды. Сондықтан, бүгінде қазақ халқы қарғыс немесе Қаһар білдірген кезде, ежелгі дәуірдегі қатаң жазаны еске түсіру үшін «*бетің тілінсін*» тіркесін қолданады. Міне, сол заманмен тікелей жалғастырып тұрған әдет-ғұрыптың бірі осы» - деп дәп түсіп айтады [4, 78 б.]. А.Н. Веселевский ғұндардың кісі өлімінде болатын жайтты латын тілінен орыс тіліне аударған ғалым. Оның аудармасына сәйкес Аттиланың өлімінде ғұндар жиылып, беттерін тіліп, жоқтау жырын айтқан. Қазақ даласында әйелдердердің «Бетім-ай» - деп күрсінуі осы бет жыртудың қалдығы деп көрсеткен.

Бет жырту – қазаға қайғыру салты, ежелгі ғұн заманынан қазірге дейін сақталған, түркі халықтарының көпшілігіне ортақ ғұрып. Бет жыртудың мәні адамды қадірлеуден, өлімге қимаудан, күйзелуден шыққан. Бет жырту ғұрпы Түркі қағанаты кезінен қалған тас мүсіндерде, үй қабырғаларына сақталған суреттерде жиі кездеседі [6].

Аттила қайтыс болған шақта ғұндар өздерінің беттерін тіліп, шаштарын алып қатты қайғырған. Себебі олар ұлы қағаны кеткеннен кейінгі өмірі не болатынын жақсы білген, қорғаушысы, қорғаны қалмағандай мұң кешкен:

*Жібек шатыр ішіне жайған мәйіт,
Сыртынан айналып жүр салт аттылар.
Қиылған шаш, ерлердің беті жара,
Жаспен емес қан жуған түрге қара [7].*

П.Пельо мен В.В. Бартольдтің зерттеуінше хундардың ұрпағы сяньбилер де түрікше сөйлеген. Шираторийдің зерттеуінше, хундар мен үйсіндердің ел басқарған кісілері қазақ тіліне жақын сөйлеген, бірақ қытай иероглифі ол сөздерді бұзып жазған. Мәселен, Унуйми – қазақша Оңғарбай, Тулехе – қазақша Төлеке, Хулхе – қазақша Күлке (бір тайпаның аты). «Ажа» - бұйрық, заң. Қазақтар «Ай дерге ажа жоқ, қой дерге қожа жоқ» - дейді» - деп [4, 88 б.] Әлкей Марғұлан өте құнды ақпарат айтады. Ажа деген сөзді күнделікті қолданыстан шығып кетсе де «Ай дерге ажа жоқ, қой дерге қожа жоқ» дегенді көп естіп жатамыз. Негізінен, Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «ажа» сөзін былай деп анықтама береді: Ажа зат.көне. Үй ішіндегі, ауыл аймақтағы бас көтерер ақылшы адам. Былай қарасақ, екеуінің де мағынасы бір. Демек, бізде мағынасын жете түсінбесек те, автоматтандырылған сөздеріміз сонау ежелгі антика дәуірінен келе жатқанына шүбә келтірмейді. Тағы Өкіреш деген сөзді алайық. Бұл сөзді кейбір аймақта бір кісіні сипаттағанда немесе әжуалағанда қолданады. С. Өтениязов хундардың Өкр, оғыз сөздерінің сол ғұннан қалған сөз екенін айтады. Кезінде «Өкіреш найман» деген тайпа болған. Түріктерде әлі күнге дейін «Оғыз» есімі қолданыста.

Аңызмен үндес тағы әдет-ғұрып категориясы бар. Хундардың әдет-ғұрпында және салт-дәстүріндегі кейбір ерекше түрлерінің бұл күндегі бірден бір мұрагері қазақ халқы. Олар негізінен мыналар:

- Баланы экологиялық таза ағаштан жасалған бесікке бөлеуі;
- Жылқының етін тамаққа пайдалануы, сүтін ішер сусынға пайдалануы;
- Қойдың басын сыйлы қонаққа тартуы;
- Қойдың жауырын сүйегін жоруға пайдаланса, қар жілікті киелі сүйек деп есептеуі т.б.

Атты ерекше қадірлеуі. «Ат үстінде жүргенде ғұндарды аттарынан ажыратып алу қиын екен. Құйып қойғандай ат та, адам да бір жаралған сипатты. Римдіктер оларды «центавр» депті. Басы адам, денесі жылқы бір тұтас мақұлық дегені» [8, 162 б.]. Қазіргі күнге дейін Еуропада «кентавр» деген аңыз әңгіме де осыдан сақталып қалса керек. Олардың түсінігінде кентаврлар ешқашан ұйықтамайды, өте ақылды бірақ шектен тыс қатігез, дұшпандарын жалмай салады.

Бұдан бөлек ерте ғұн заманынан келе жатқан отқа табынушылық, отты киелі санау үрдісі әлі күнге дейін санамызда мықты сақталған. М.Жұмабаевтың:

*«Күннен туған баламын,
Жарқыраймын жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім күнмін өзім от,
Сөзім, қысық көзімде – от
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз тәңірі – от.*

Оттан басқа тәңірі жоқ» [9], - дейді өршіл романтик ақын. Оттың қасиеттілігін әспеттеу, оның культін ерекше бағалау Шығыс поэзиясына етене жақын мотив, демек отқа табыну бізге ежелден келе жатқан таным түсінік. Отты қазақтар тотем ретінде қарастырғаны осы ғұндардан қалған қалдық. Қазақ әдебиетімен қоса, Еуропада «Нибелунг туралы жыр» атты поэмада Аттила, оның өмірі туралы біраз дерек біле аламыз. Отандық ғалымдардың ішінен Ш. Уалиханов, М. Базарбаев, С. Өтениязев еңбектерінен, қазақтың салт-дәстүрінен, өмір салтынан ғұндардың, Аттила өмір сүрген ғасырдың элементтерін таба аламыз.

Енді барша түркі фольклорына ортақ Аттила дастанын қарастырсақ. Қазақ халқы көшпелі болған соң жыр-аңыздар ауызша бір-біріне жеткізу арқылы осы уақытқа дейін жеткен. Сол үшін де бір жырдың әртүрлі нұсқасы бар. Ел аузында жаттылап қалған мына өлең шумақтары бар, авторы әлі күнге белгісіз толғау:

*«...Батыстағы көп жұртты,
Бір шыбықпен айдаған
Қалың түрік көп халқың,
Дүниеге үстем етем деп,
Мына сұм жалған дүниеден*

Еділ батыр бұл өткен» - деген өлең тарихи шындықтың барын көрсетеді.

Сондай-ақ халқымыздың басынан өткен ескі тарихты жан-жақты жинап жүрген қадірменді кісі Өмірзақ Қалбаевтың үйінде Сабыр жырау шығармаларынан үзінділері бар екен.

*«... Бабамыз батыр Еділ-ді
Еділ кімнен жеңілді?
Көндірген екен ырқына,
Сонау төменгі жатқан көп елді
Қарсыласқан талай батырлар,
Ат артына теңелді.
Кезекті күні келгенде,
Мынау бес күндік дүниеден
Ол да өтіп жөнелді [4, 243 б.]...»*

Аттила туралы дастандар, жырлар негізінен қазақ даласында болған. Алайда, көптеген қорлау, ашаршылық, басқа да өрескел әрекеттер жасалғанда біршама туындыларымыз халықтың жадыдан өше бастаған.

Сонымен қатар, Өмірзақ Қалбаевтың «Алаңқай батыр» поэмасы 1991 жылы «Жазушы» баспасында жарық көрді. Поэманың негізгі кейіпкері Алаңқай батыр. Ол өзінің жастайынан ерекше талантты, жігерлі болып өседі. Аттила бұл жырда басты кейіпкер болмағанымен, оның жауапкершілігі, жауына қатал, досына мейірімді, әрі өте әділ қолбасшы болғандығы жан-жақты суреттеледі. Аттила бейнесін тағы бір ашатын шығармалардың бірі – «Валтария» және «Нибелунг туралы жыр». Бұл дастандарда ғұнардың сол кездегі әдет-ғұрпы, өмірлік ұстанымдары, ерліктері, халқының ішкі жандүниесі, психологиясы суреттеледі. Осы тұрғыда филология ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Аджи былай деп сипаттайды: «Авторы «Песни о Нибелунгах» и «Валтария», вероятно, имели кипчакские корни, что подтверждается степными обычаями, отраженными в их произведениях, что видно по множеству деталей. Поэтому герой Этцель (Аттила), даже в ситуациях, которые европейцы считали непозволительными, сохранял благородство» [10]. Осыдан шығатын қорытынды, ғұндар дала заңымен өмір сүрген, олардың өмір сүрудегі кейбір элементтерін қазақ халқы әлі күнге ұстанады. Халық арасында тараған жыр-аңыздардың шындық негізі бар.

Жалпы, әр халықта аңыздар мен жыр-дастандарды білу, тану өте маңызды. Аңыздар мәдени құндылықтарды жеткізу мен ұрпаққа өз тегінің тарихын білуге кішкентай кезінен жадына құюға өз әсерін тигізеді. Ертегілер де өскелең ұрпақтың бойына құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді сіңіру мақсатында орындалатын тәрбиелік мәні бар материалдар есебінде қолданылады [11].

Түркілердің арғы тегі саналатын ғұндардың даңқты патшасы Аттила туралы да біраз теріс пікірлер айтылды. Рим империясын варварлар, ғұндар құлатты деген идеяны қазақтың Атилатанушысына айналған С.Өтениязов осы теорияның әлдеқашан ескіргенін, оқиғаға басқа қырынан қарай отыра зерттеу жүргізеді. Негізінен, 12 ғасыр өмір сүрген ешқашан ескірмейтін, өлмейтін алып Рим империясын құлатқан христиандықтар еді. Керісінше Аттила құлдықты алып тастады, Римге кіріп, ондағы маңызды архитектура мен көркем қаланың обалына қалғысы келмей тек салығын алып отырды. Сол заманда императорлық билік болды, яғни тек бір адамның ұрпақтарының басқаруы. Бұл үнемі сәтті бола бермейтін құбылыс. Сонымен әскер ішкілікке салынды, шіркеудің тұтқынына айналып, елдің арасында іріткі салу басталды. Енді Рим империясының құрылуындағы аңыз бен біздің Түркі халықтарының аңыздарына салыстыра қарасақ.

Рим империясының негізін салушы, аңыз бойынша Ромул мен Рем қасқыр қаншықтың сүтін еміп, оның қамқорлығында өскен балалар болған. Содан мықты мемлекет құрамыз деп шешіп, алып Рим империясын құраған. Түркі халқы да қасқырды пір тұтады. Қазақ мифіндегі көк бөрі – түркі халықтарының ата-тегі, олардың қастер тұтатын тотемі. Бұл сонау ерте заманнан, шамамен 5-6 ғасырлардың тарихи мәні жоғары, батырлықтың тұлғасы, грек аңызындағы жеңіс тәңірісі Ника секілді жеңімпаздыңтың символы саналған. Ғасырлар бойы жекелеген ақындар өздерінің өлеңдеріне қосып отырып, жастарға рух берген. Соның бірі С. Аронұлы бір өлеңінде былай жырлайды:

*«... Бөрілі байрақ астында,
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен.
Жау тисе жапан далада,
Бөрілі найза атамыз,
Қарасайлап шабамыз,*

Қызық қанға батамыз», - [12] деп, Көк бөріні тікелей ата-бабамызға теңейді. Осы мифтік аңыздарды зерттеп кеткен Н.Я.Бичурин мен орыс ғалымы Л.Н. Гумилев та «Қаншық қасқырдың ұрпақтары» деп атап көрсетеді. Римнің Ромул мен Рем секілді, қазақтың түсінігінде де, Көк бөрі түркілердің анасы іспеттес.

Жалпы, аңыз бойынша, ғұндардың «Тәңір құттысы» болған Аттила қайтыс болған соң, халық жаппай үлкен дағдарысқа түседі, жан-жақтан билікке талас басталады. Жан-жақтан көз тігіп отырған байырғы жаулары шектен шыққан шиеленісті өз пайдаларына асырғысы келіп, іштегі саясатты былықтыру үшін халықты бір-біріне айдап салып, провокациялар жасайды. Бір тудың астында болған мықты ел ақырындап ыдырай бастайды, халықтың мазасы кетеді. Сондай қырғынның бірінде он жасар баланы біздің дұшпанымыздың ұрпағын қорлаймыз деген мақсатта қол-аяғын шауып, ит-құсқа жем болсын деп орманға апарып тастайды. Оны көрген қаншық қасқыр баланың қол аяғын өзі жазып алады, асырайды, жаулардан қорғайды. Дұшпандары әдейі іздеп келіп сол баланы өлтіріп тынады. Қасқыр сол баладан жүкті болып, басқа шет аумақтағы орманға барып 10 бала босанады. Олар шеттерінен ақылды, зерек, темірдей мықты, қайтпайтын қайсар болып өседі. Солай өздерін «Түркі еліміз» деп атап бір алып мемлекет құра бастайды.

Көк бөріні тотем тұту жалпы түркі халықтарына ортақ нәрсе. Уақыт өте келе адамзат рухын көтеретін, жебеп жүретін бір алып күшке айналады. Қасқыр туралы қазақ дүниетанымына еніп кеткені сонша әлі күнге дейін балаларына «киелі жануардың» есімін беру үрдісі алып келеді. Ел арасында

Арлан, Бөріхан, Қасқырбай сынды есімдер ұшырасады. Түркі халықтарына ортақ мұра «Алпамыс батыр» дастанындағы бас кейіпкердің әкесінің аты Байбөрі болуының себебі де осыған саяды.

Асқар Егеубаев ерте ғасыр мұраларын зерттеген ғұлама ғалым, сонымен қатар қазақ поэзиясында да өз орнын алған ақын. Оның «Көк бөріге сиыну» атты өлеңінен көк бөріге деген ынтызарлығы, шынайы құрметін байқаймыз. Ақын осы өлең шумақтарымен «көк бөрінің ұрпақтарын» елдікке, батырлыққа баулығы келгендей:

*«... Бөрідейін сар даламды шолайын,
Ырғасқанды бөрідейін орайын!
Бесігімнен бөріктірген заманның
Беті қайтпас көк бөрісі болайын [12]...»*

Көк бөріге байланысты тотемдік сенім көнере келе «киелік» мәнге ауысады, сондықтан қасқырдың жүнінде «кие» бар деген ұғым пайда болып, жаңа туған нәрестені емізбестен бұрын, қайнатылған таза суға қасқырдың жүнін салып ауызданырған. Бұл тотемдік сенімге сиқырлау магиясының араласып келуі. Қасқырдың жүнін жас нәрестенің аузына тигізу арқылы бөрідей айбатты, жауына алдырмас күшті, әрі айлакер болсын деп ырымдаған.

Мына өлең жолдарынан ғұндардың ұрпағы саналатын оғыз, түркі халықтары көк бөріні жол бастаушы бір жұлдыз есебінде көргені байқалады, оған тіл бітіреді, болашақты болжайды, тарихын есіне салып тұрады [8, 118 б.]. Итли өзені Аттила атымен аталатын Волга болуы мүмкін. Оғыз сөзінің өзі ғұндардан шыққан сөздердің бірі. Оны әлі күнге дейін түрік ұлтының есімдерінен көре аламыз.

Өкінішке қарай, «Көк Бөрінің» ұрпағы санап жүрген қазақ халқы бір ғасырдан көп уақыт бодан халық санатында болды. Отаршылдық саясат бізді өткенімізбен, болашағымыздан айыртпақ ниетте барын салды. Отарлаушылармен қазақ жеріне келген қылмыс, қиянат парақорлықпен қана шектелген жоқ. Орыстар өздерімен бірге арақ ішіп, карта ойнау, түрмеге салып азаптау, итжеккенге айдау сынды зұлматтарды алып келді [13, 387 б.].

Қорытынды

Қазақ мәдениетінің гноселогиялық аспектілері кейінгі онжылдықта тереңдей дами түсті. Себебі, біз тұптамырымызды айқындамай, салт-дәстүрлер, жоралғылар, заттар, жәдігерлерді зерттемей, білмей өзіміздің төл тарихымыз бен мәдениетімізді қалыптастыра алмаймыз. Осыған орай, қазақ әдебиетшілері мен ғалымдар Кеңес дәуірінде айтылмай кеткен, қарастыруға болмайтын құпия мәліметтерді, бізге бұрмаланып жеткізілген біраз ақпараттардың дәстүр мен жаңашылдық өрісінде қарастыра бастады. Әрбір жоралғының мәнін білсек, шығу тарихын зерделесек келешек ұрпаққа

ол тез сіңімді болады. Қазақ халқының мәдениеті тек Қазан революциясынан кейін пайда болған жоқ, оның қайнар көзі одан ары жатыр.

Бұл мақалада біз қазақ қоғамына сіңіп кеткен қағидалар мен құндылықтардың шығу тегі ғұндар кезеңінен келе жатқан үрдіс екенін, ол жүре келе біздің салтымызға, өмірімізге айналып кеткенін мәдени-тарихи контекстте әлемдік мифология мен өзіміздің әдебиетімізді салыстыра отырып шолу жасадық. Зерттеудің келесі деңгейінде әр дәстүріміздің мағынасы мен беретін өнегесіне тереңірек талдау жасау, бұрынғы қалып кеткен теріс идеологиядан ада болған жаңаша көзқарастар деңгейінде талдау жүргізу көзделуде.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қыраубаева А. Өнегелі өмір / ред.басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 380 б.

[2] Бартольд В. Соченения. Том 5. – М.: Наука, 1968. – 754 с.

[3] Қабдолов З. С.Мұқанова – өз дәуірінің айнасы // Сәбит Мұқанов – қазақ әдебиетінің классигі деген тақырыпта өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 11-12 мамыр, 2000. – Алматы: ҚазҰУ хабаршысы, 2000. – 360 б.

[4] Өтениязов Самат. Аттила және оның әлем әдебиетіндегі орны: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 374 б.

[5] Қайратұлы Б. Қазақтың атбегілік өнері. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 400 б.

[6] Б.Сүйеркұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. – Алматы, 2011. – 744 б.

[7] Тәжіғұлов Қ. Аттила жыр дастаны. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2019. – 160 б.

[8] Иманғазин М. Қазақ және антика әдебиеттеріндегі сюжеттік үндестіктер: филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2008. – 387 б.

[9] Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы: Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы. 2002. – 1 том. - 208 б.

[10] Аджи М. Полын половецкого поля. / М. Аджи- Москва: Новости, 2000. – 456 с.

[11] Aryn Y., A.Ibragim, U. Nurgaliyeva, S.Yerzhanova. Genres in Internet Literature: Myth, Fairy Tale, Fantasy // The International Journal of Literary Humanities. – 2024. – № 22 (4). – P. 33-50. doi:10.18848/2327-7912/CGP/v22i04/33-50.12

[12] Аронұлы С. Ақиық. Толғаулар, сын-сықақтар, айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1976. – 140 б.

[13] Токшылыкова Г.Б., Сартбаева Э., Борап Р. Қазақ даласын отарлау процесінің әдебиеттегі көрінісі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы: «Полилингва» баспасы, 2023. – № 4 (71). – Б. 379-394.

REFERENCES

[1] Kyraubaeva A. Onegeli Omir [Moral life]/ red. G.M. Mutanov. – Almaty: Kazakh University, 2017. – 380 b. [in Kaz.]

[2] Bartol'd B.B. Sochineniya [Composition]. Tom 5. – M, Nauka, 1968. – 754 s. [in Rus.]

[3] Kabdolov Z. S.Mukanova – oz dauirinin ainasy // Sabit Mukanov – kazak adebietinin klassigi degen takyrypta otken halykaralyk gylymi-praktikalyq konferenciya materialdary. [S.Mukanov – a mirror of his era] // Proceeding of the international scientific-practical conference held on the topic 'Sabit Mikanov – classics of Kazakh literature]. – Almaty, KazUU Habarshy. May 11-12, 2000 – 360 b. [in Kaz.]

[4] Oteniyazov Samat. Attila zhane onyn alem adebietindegi orny [Attila and his place in world literature]: monograph. – Almaty, Kazak universiteti, 2021. – 374 b. [in Kaz.]

[5] Kairatuly B. Kazaktyn atbegilik oneri [Kazakh equestrian art]. – Nur-Sultan, 2019. – 400 b. [in Kaz.]

[6] Syierkulova B., Zhanuzak T., Jubaeva O. Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq. 3-tom [The dictionary of Kazakh literature words]. – Almaty, 2011. – 744 b. [in Kaz.]

[7] Tozhagulov K. Attila zhyr dastany [The saga of Attila]. – Almaty, Kazak kitaby baspasy, 2019. – 160 b. [in Kaz.]

[8] Imangazinov M. Kazak zhane antika dauirindegi siuzhettik undestikter [Plot compliance in Kazakh and ancient literature]: filologiya gylymy doktory gylymi darezhesin alu ushin daindalghan dissertaciya. – Almaty, 2008 – 387 b. [in Kaz.]

[9] Jumabaev M. Kop tomdyk shygarmalar jinagy: Olender, dastandar, angime [Multi-volume collection of works: poems, sagas, stories]. – Almaty, Jazushy. 2002. – 1 tom. - 208 b. [in Kaz.]

[10] Adji M. Polyn poloveckogo polya [Wormwood field] / M. Adji – Moskva: Novosti, 2000. – 456 s. [in Rus.]

[11] Aryn Y., A.Ibragim, U. Nurgaliyeva, S.Yerzhanova. Genres in Internet Literature: Myth, Fairy Tale, Fantasy // The International Journal of Literary Humanities. – 2024. – № 22 (4). –P. 33-50. doi:10.18848/2327-7912/CGP/v22i04/33-50.12.

[12] Aronuly S. Aqiyq. Tolgaular, syn-syqaqtar, aitystar [Wisdom. Poems, critical-ironic poems, aitys']. – Almaty: Jazushy, 1976. – 140 b. [in Kaz.]

[13] Tokshylykova G.B., Sartaeva E., Borash R. Kazak dalasynyn otarlau procesining adebiettegi korinisi [The reflection of the policy colonization of Kazakh steppe in literature] // Abylai khan atyndagy KazHQ jane ATU Khabarshysy `Filologia gylymdarynyn seriasy`. – Almaty: `Polilingva baspasy`. – 2023. – №4 (71). – B. 379-394. [in Kaz.]

СВЯЗЬ ОБЫЧАЕВ, ЛЕГЕНД И СЛОВСОЧЕТАНИЙ ВРЕМЕН АТТИЛЫ С КАЗАХСКИМ МИРОВОЗЗРЕНИЕМ

* Нургалиева У.Н.¹, Дарибаев С.Д.²

*^{1,2} КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются традиции, обряды, игры, верования и устная литература казахского мировоззрения, которые продолжаютя со времен Аттилы, великого вождя племени гуннов, считающегося родоначальником тюркского народа. Также, помимо древнеримской литературы, казахское литературное наследие связано на основе историко-генетического литературоведения и устного творчества.

Цель и направление статьи – найти и познать нашу основу путем изучения истории происхождения некоторых слов, словосочетаний и традиций казахского народа. Раскрывается сущность характера и обычаев, заложенных в нашей крови, с генетической точки зрения. Научная значимость статьи – отрицание советские стереотипы о том, что казахская культура появилась только после Октябрьской революции 1917 года, избавиться от рабского мышления и сформировать будущее — это инвестиции в будущие поколения. Потому что без понимания прошлого не будет прогресса. В качестве объекта исследования были взяты литературные и культурные артефакты, объясняющие, что мы являемся потомками культуры, способствовавшей развитию человеческого сознания в нашей литературе. Наше литературное наследие нуждается в новом взгляде.

Колониальная репрессивная, авторитарная политика препятствовала развитию казахской идентичности и истинного имиджа и привела к духовному кризису. В результате этого народ багов практически утратил свое этногенетическое наследие и культуру. Поэтому основная идея данного исследования – является анализ фольклорных и археологических памятников, стихов и легенд передать следующим поколениям ценности, зародившиеся в древний сакско-гуннский период и ставшие нашей традицией. до современности. Литература – одна из главных составляющих, сохраняющих самобытность народа. Главное внимание уделяется переплетению гуннских и казахских литературных традиций, а также роли Аттилы как родоначальника тюркского народа в казахском национальном сознании. Практическое значение исследования имеют монография С.

Отениязова «Аттила и его место в мировой литературе», поэма У. Калбайулы «Аланкай батыр», анализируются на основе изученного А.Маргуланом литературного наследия и артефактов, найденных в ходе экспедиции. Также представлено стихи и поэмы об Аттиле, которые распространялись в казахских степях. Исследование проводилось методами сравнительного, культурно-исторического, составления, обзора древних стихотворений и преданий в казахской литературе.

Практический анализ, проведенный в исследовательской работе, является необходимым источником для научных направлений, связанных с литературой и культурой, фольклором, историей казахских и тюркских стран.

Итоги исследовательской работы, то есть глубокое погружение в литературу и историю казахского народа, исследование истоков нашей культуры и традиций, которые были раздавлены и поглощены в течение почти столетия, анализ и раскрытие содержательных особенностей слов, словосочетаний и обычаев гуннской эпохи и их связь современным казахским мировоззрением уточнили его научно-практическое значение.

Ключевые слова: при жизни Аттилы, оригинальная литература, деградация казахской культуры, традиции, игра Асык, Кок Бори, сага об Аттиле, поклонение огню, запеленать в колыбель, слияние с тюркской культурой, колониальное угнетение, казахская идентичность

THE CONNECTION OF CUSTOMS, LEGENDS AND PHRASES OF ATTILA'S LIFETIME WITH KAZAKH WORLDVIEW

* Nurgalieva U.N.¹, Daribayev S.D.²

*^{1,2} al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article determines traditions, rituals, games, beliefs and oral literature of the Kazakh worldview that have been preserved and absorbed into the Kazakh worldview, which continue from the time of Attila, who is considered the progenitor of the Turkic people. In addition, ancient Roman literature, the Kazakh literary heritage is connected on the basis of historical-genetic literature and oral literature.

The scientific purpose and direction of the article is that it rejects Soviet stereotypes which says that Kazakh culture appeared only after the October Revolution of 1917, and creates the future by getting rid of slave consciousness. Because without understanding the past there will be no progress. Literary and cultural artifacts were taken as the object of the study, explaining that we are the descendants of a culture that contributed to the development of human consciousness in our literature. Our literary heritage needs a new worldview.

Colonial repressive, authoritarian policies hindered the development of Kazakh identity and true image and led to a spiritual crisis. In result, Kazakh people practically lost their ethno genetic heritage and culture. Therefore, the main idea of this study is to analyze the values that originated in the ancient Saka and Hunnic periods and became our tradition, based on folklore and archaeological monuments, songs, legends and phrases. Literature is one of the main components that preserve the identity of nation. The main attention is paid to the interweaving of the Hunnic and Kazakh literary traditions, as well as the role of Attila as the ancestor of the Turkic people in the Kazakh national consciousness. The Huns, who, by their wisdom and things connected with them, were able to contribute to the wealth and precious channel of human culture, faced many incomparable insults and slanders and strangled before reaching the next generation. The origin of the Kazakh people was on the verge of extinction. Only after we achieved independence, we were able to return to the past.

Practical significance of research is S. Oteniyazov's monograph "Attila and his place in world literature", O. Kalbayuly's poem "Alankay batyr" analyzed on the basis of the literary heritage studied by A. Margulan and artifacts found during the expedition. Also presented are poems and sagas about Attila, which spread in the Kazakh steppes. The research used comparative, cultural and historical methods, compilation, review of ancient poems and legends in Kazakh literature.

The practical analysis carried out in the research work is a necessary source for scientific directions related to literature and culture, folklore, history of Kazakh and Turkic countries.

The results of the research work, i.e. a deep dive into the literature and history of the Kazakh nation, a study of the origins of our culture and traditions, which were crushed and absorbed for almost a century, the analysis and disclosure of the substantive features of words, phrases and customs of the Hunnic era and their connection with the modern Kazakh worldview clarified its scientific and practical significance.

Keywords: time of Attila, original literature, degradation of Kazakh culture, traditions, game Asyk, Kok Bori, saga of Attila, worship of fire, cradle, merging with Turkic culture, colonial oppression, Kazakh identity

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 21.12.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Нұрғалиева Үміт Нұрланқызы – аға оқытушы, Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: nur.um96@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-9684-6096>

Дарибаев Самал Дарибаевич – филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: samal.daribaev@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-3551-770X>

Информация об авторах:

Нұрғалиева Үміт Нұрланқызы – старший преподаватель, Международный Бизнес Университет имени Кенжегали Сагадиева, Алматы, Казахстан, e-mail: nur.um96@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-9684-6096>

Дарибаев Самал Дарибаевич – кандидат филологических наук, старший преподаватель КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: samal.daribaev@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-3551-770X>

Information about the authors:

Nurgaliyeva Umit Nurlankyzy – senior lecturer of International Business University after named K. Sagadiyev, Almaty, Kazakhstan, e-mail: nur.um96@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-9684-6096>

Daribaev Samal Daribaevich – Candidate of Philology, senior lecturer of al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: samal.daribaev@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-3551-770X>